

Сайрам ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 200 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 мамырда № 5028 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 363 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы әкімдігінің 07.09.2020 № 363 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес Сайрам ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. Сайрам ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 шілдедегі № 277 "Сайрам ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім

беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4182 тіркелген, 2017 жылғы 18 тамызда "Мәртөбе" газетінде және 2017 жылғы 24 тамызда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. "Сайрам ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулының Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Оразалиевке жүктелсін.

7. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б.Мамаев

Сайрам ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "30" сәуірдегі
№ 200 қаулысына
1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	"ЯНС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	44	2%
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	113	2%
3.	"Манкент шипажайы" акционерлік қоғамы	218	2%
4.	"ЖБИ-С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	53	2%
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	75	2%
7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	48	2%

10.	"Нұр-Шатемир" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	18	2%
11.	Жеке кәсіпкер "Иззатов"	20	2%
12.	Жеке кәсіпкер "Нишанкулова З.А"	37	2%
13.	Жеке кәсіпкер "Абдуллаев Э.А"	21	2%
14.	"Өмір-Дархан" өндірістік кооперативі	10	2%
15.	"Дихан-К" өндірістік кооперативі	15	2%
16.	"Катта-кол" өндірістік кооперативі	10	2%
17.	"Кози-ота" шаруа қожалығы	16	2%
18.	"Береке-ел" өндірістік кооперативі	16	2%

Сайрам ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "30" сәуірдегі
№ 200 қаулысына
2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	"ЯНС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	44	2%
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	113	2%
3.	"Манкент шипажайы" акционерлік қоғамы	218	2%
4.	"ЖБИ-С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	53	2%
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	75	2%
7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	48	2%
10.	"Нұр-Шатемир" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	18	2%
11.	Жеке кәсіпкер "Иззатов"	20	2%
12.	Жеке кәсіпкер "Нишанкулова З.А"	37	2%
13.	Жеке кәсіпкер "Абдуллаев Э.А"	21	2%
14.	"Өмір-Дархан" өндірістік кооперативі	10	2%
15.	"Дихан-К" өндірістік кооперативі	15	2%
16.	"Катта- кол" өндірістік кооперативі	10	2%
17.	"Кози-ота" шаруа қожалығы	16	2%
18.	"Береке-ел" өндірістік кооперативі	16	2%

Сайрам ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "30" сәуірдегі
№ 200 қаулысына
3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйым атауы	Тізімдік саны	Квота мөлшері (%)
1.	"ЯНС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	44	2%
2.	"ЮКМЗ" акционерлік қоғамы	113	2%
3.	"Манкент шипажайы" акционерлік қоғамы	218	2%
4.	"ЖБИ-С" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	53	2%
5.	"Манкент-1" өндірістік кооперативі	52	2%
6.	"О.Құрбанов және К атындағы" өндірістік кооперативі	75	2%
7.	"ТЕМИРТАС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	42	2%
8.	"Сайрам тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2%
9.	"Компания Натур Продукт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	48	2%
10.	"Нұр-Шатемир" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	18	2%
11.	Жеке кәсіпкер "Иззатов"	20	2%
12.	Жеке кәсіпкер "Нишанкулова З.А"	37	2%
13.	Жеке кәсіпкер "Абдуллаев Э.А"	21	2%
14.	"Өмір-Дархан" өндірістік кооперативі	10	2%
15.	"Дихан-К" өндірістік кооперативі	15	2%
16.	"Катта- кол" өндірістік кооперативі	10	2%
17.	"Кози-ота" шаруа қожалығы	16	2%
18.	"Береке-ел" өндірістік кооперативі	16	2%